# Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон комитетінің алтыншы мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 мамыр N 611

Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 14-15 мамырда Астана қаласында Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон комитетінің (бұдан әрі - Комитет) алтыншы мәжілісі өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған Комитеттің мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және өзге де мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2001 жылға

арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен Комитеттің алтыншы мәжілісін өткізуге арналған шығыстардың қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 7 мамырдағы
N 611 қаулысымен
бекітілген

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон
комитетінің алтыншы мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі
іс-шаралар жоспары
(2001 жылғы 14-15 мамыр, Астана қаласы)

| N р/с | Ұйымдастыру іс-шарасы | Орындалу мерзімі | Орындауына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон комитетінің алтыншы мәжілісіне (бұдан әрі - Мәжіліс) қатысушылардың қазақстандық бөлігінің құрамын (Комитеттің мүшелері және шақырылған адамдар) қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар енгізу және мәжілістің күн тәртібінің жобасын пысықтау | 2001 жылғы 7 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (шақыру), Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Астана қаласының әкімі, Семей қаласының әкімі, "Қазақойл" ҰМК (келісім бойынша), "ҚазТрансойл" ҰМТК (келісім бойынша), "ҚазТрансГаз" ЖАҚ (келісім бойынша), "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ (келісім бойынша), Банктердің қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 2 | Жапон делегациясының болуы бағдарламасының жобасын енгізу | 2001 жылғы 7 мамыр | Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 3 | Жапон делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және жапон делегациясын | 2001 жылғы 13-16 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көліктік қызметпен қамтамасыз ету | | |
| 4 | Астана қаласының әуежайында жапон делегациясын күтіп алу және шығарып салуды ұйымдастыру | 2001 жылғы 13-16 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 5 | Жапон делегациясы мүшелерінің әуежайда, тұратын және баратын жерлерде қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 2001 жылғы 13-16 мамыр | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 6 | Қазақстан Республика. сының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаевтың мәжілістегі сөзінің жобасын, Жапонияның саяси және экономикалық жағдайы, екі жақты қатынастардың жай-күйі және келешегі туралы анықтамалық материалды, сондай-ақ бірлескен жобалардың іске асырылуы туралы ақпаратты енгізу | 2001 жылғы 7 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (шақыру), Экономика және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Астана қаласының әкімі, Семей қаласының әкімі |
| 7 | Жапондық делегацияның алдын-ала танысуы үшін мәжілістің қазақстандық қатысушылары сөздерінің тезистерін орыс және ағылшын тілдерінде дайындау және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне | 2001 жылғы 5 мамыр | Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресур. стар министрлігі, Қаржы министр. лігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республи. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | енгізу | | касының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша), Қазақстан Республика. сының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Астана қаласының әкімі, Семей қаласының әкімі, "Қазақойл" ҰМК (келісім бойынша), "ҚазТранс ойл" ҰМТК (келісім бойынша), "ҚазТрансГаз" ЖАҚ (келісім бойынша), "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ (келісім бойынша), Банктердің қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 8 | Комитеттің алтыншы мәжілісі хаттамасының жобасын дайындау | 2001 жылғы 7 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (шақыру), Экономика және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша), Қазақстан Республика. сының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Астана қаласының әкімі, Семей қаласының әкімі |
| 9 | 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен осы іс-шараны өткізуге байланысты шығыстарды төлеу жөніндегі сметаның жобасын әзірлеу:<br>1) дыбыс күшейту және ілеспе аудармаға | 2001 жылғы 7 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республика. сы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | арналған аппаратурамен, сондай-ақ кеңсе тауарларымен қамтамасыз етіп, мәжілісті өткізу үшін залды жалдау;<br>2) Комитеттің теңтөрағасы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаевтың атынан ресми кешкі қонақ асын ұйымдастыру;<br>3) мәжілісті өткізу кезінде екі кофе-брейкті ұйымдастыру;<br>4) Комитеттің жапон бөлігінің мүшелері (53 адам) үшін ескерткіш сыйлықтар мен жарнама-ақпараттық материалдарды дайындау;<br>5) жапон делегациясын көлікпен қамтамасыз ету | | |
| 10 | Комитет мәжілісінің ақпараттық жария етілуін қамтамасыз ету үшін баспасөзді Комитет мәжілісінің ашылуы мен жабылуына шақыру, оның ішінде мәжілістің қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын өткізуді қамтамасыз ету | 2001 жылғы 15 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 11 | Жапон делегациясының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаевпен, | 2001 жылғы 14 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Премьер-Министрдің орынбасары О.Ә. Жандосовпен, Сыртқы істер министрі Е.Ә. Ыдырысовпен, Экономика және сауда министрі Ж.Ә. Құлекеевпен шектеулі құрамда кездесулерін ұйымдастыру | | Протоколдық қызметі, Премьер-Министр Кеңсесінің Сыртқы байланыстар бөлімі |
| 12 | Мәжіліс жұмысының қорытындысы туралы есеп дайындау | 2001 жылғы 28 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика және сауда министрлігі |

------------------------------------------------------------------------

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК